

Махамбет ауданы мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 349 "
Махамбет ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй
көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен
толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2019 жылғы 24 мамырдағы № 342 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 мамырда № 4411 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2024 жылғы 4 мамырдағы № 117 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 04.05.2024 № 117 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына және "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысына сәйкес, Махамбет аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Махамбет ауданы мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 349 " Махамбет ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3433 санымен тіркелген, аудандық "Жайық Шұғыласы" газетінде 2016 жылғы 28 қаңтарда жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Махамбет ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасының:

1-тармағы келесі мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру

жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған заңды тұлға.";

4-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"4. Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Стандарттың 3 тармағына сәйкес, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалының халыққа қызмет көрсету бойынша Махамбет ауданының бөліміне және/немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінеді.";

келесі мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалының халыққа қызмет көрсету бойынша Махамбет ауданының бөліміне және/немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір рет жүгінуге құқылы".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың заңдылықты сақтау, экономика және бюджет, қаржы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасына (Б. Рахметов) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезекті
39-сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

С. Бөлеков

М. Мырзашев